O‘ZBEKISTON RESPUBLIKASI
OLIY VA O‘RTA MAXSUS TA’LIM VAZIRLIGI

AJINIYOZ NOMIDAGI NUKUS DAVLAT PEDAGOGIKA INSTITUTI

“TASDIQLAYMAN”
Ajiniyoz nomidagi NDPI
rektori _____ B. Otemuratov
“___” _____ 2020-yil

“KELISHILDI”
Oliy va o‘rta maxsus ta’lim
vazirligi _____
“___” _____ 2020-yil

# KASBIY (IJODIY) IMTIHONLAR DASTURI VA BAHOLASH MEZONI

## “Qozoq tili va adabiyoti” fani

**5110900** – Pedagogika va psixologiya ta’lim yo‘nalishi (qozoq guruhi) uchun (2-blok)

**5111800** – Maktabgacha ta’lim ta’lim yo‘nalishi (qozoq guruhi) uchun(2-blok)

NUKUS – 2020

Бағдарлама Әжінияз атындағы Нөкіс Мемлекеттік педагогика институты оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, бекітілген. 2020 жыл «___7__» «__июль____» ____7__-санды жиналыс хаттамасы.

| | |
|---|---|
| Түзушілер: | НМПИ «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы меңгерушісі (PhD) Ы.Қуттымуратова |
| | НМПИ «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы үлкен оқытыушысы Б.Бекниязов |
| Пікір жазғандар: | Бердақ атындағы ҚМУ Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы доценті, (PhD) Г.Адилова |
| | МПИ «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы доценті, (PhD) Т.Торткулбаева |

## 1. Кіріспе

Қазіргі кезде мектеп оқушыларының ойлау мен сөйлеу әрекетін дамыту күн тәртібіне өткір қойылуда. Ал сөйлеу ауызша және жазбаша болатыны белгілі. Сондықтан оқушының жазбаша сөйлеу икемділіктерін дамытуда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың маңызы ерекше. Сондықтан баланы жазбаша сөйлеуге үйрету мәтін құрастырудан басталады. Демек, сөйлеу тілін дамыту үшін баланың мәтін туралы түсінігі мен оны құрастыра білу икемділіктері мен дағдылары қалыптастырылады.

Ой белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерін байланыстырып, сөйлем арқылы жасалатыны белгілі Сөйлем – синтаксистің қарастыратын нысаны Сөйлем жай және күрделі болады Яғни құрмалас сөйлемнің анықтамасы: «Екі я бірнеше жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіреді» деген пікірмен анықталады. Ал, бірнеше емес, ондаған сөйлемнің мәні де сол ізбен түсіндіріліп, оны қайырым (abzas) деп, шығарманың мәні ашылмай жүр. Сондықтан қазақ тіл білімінде, ғылыми әдебиеттерде, мектеп оқулықтарында шығарма туралы түрліше түсіндіру байқалады. Мәселен, шығарма түзетін қайырымды белгілі бір үзінді, жаңа ойдың басталуы десе, мәтін – сол шығарманың формасы деп те жүр. Мәтін дегеніміз сөйлемдер арқылы жасалған шығарманың толық түрі, немесе мазмұнды бөлшегі екендігін байқаймыз. Олай болса, оқушыларды мәтін түзе білуге жаттықтыру үшін мәтін туралы жүйелі білім, теориялық негіз берілуі керек. Демек: шығарма жаза білу үшін, ең алдымен, шығарманың мазмұнына сай сөйлемдердің құралатыны туралы білім қалыптастырылады.

Шығарма – оқушылардың әдебиет пен қазақ тілінен алған білімін жетілдіру үшін, ие өз ойын, дүниетанымдық көзқарасын сол уақытқа дейін аталған білімімен ұштастыра отырып, еркін түрде баяндауы үшін мұғалімдердің бағыттауымен жазған өзіндік еңбегі. Одан оқушылардың жазып отырған тақырыбына өзіндік көзқарасы, ойы, пікірі, өзіндік топшылауы айқын көрініп тұруы тиіс.

Бұл бағдарлама 5110900-“Педагогика және психология” 5111800-“Мектепке дейінгі тәлім” бағыттары бойынша істеп шығылған шығармашылық емтиханның бағдарламасы жалпы орта білім беретін мектептерде өтілетін қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мемлекеттік білім стандарты және бағдарламасы негізінде жасалынған, сондай-ақ абитуриенттердің біліміне, дағдысына және іскерлігіне қойылатын талаптарды анықтау үшін түзілді.

## 2. Пәнінің мақсаты мен міндеттері

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мақсаты* - баланың өз ойын жүйелі жеткізе білу үшін сөйлеудің нәтижесі мәтін құрастыру дағдылары мен икемділіктерін жетілдіру, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда мәтін түрлерін саналы түсініп оқу арқылы есте сақтап, өз ой-пікірлері мен

тұжырымы бойынша белгілі мәселе, тақырыпқа сай ауызша-жазбаша сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамыту , яғни мәтін құрастыру икемділіктерін арттырып, ойын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру болмақ.

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің міндеті* – оқушыны сөйлеуге үйрету, байқау, сынау, бағалау, оқушылардың машықтық дағдыларын бекіту, шамаға лайық шығармашылық дербестігін жетілдіре отырып дамыту; оқушылардың ойын дамыту; оқушылардың танымын дамыту; оқушылардық ауызекі сөйлеу және жазбаша тілін дамыту; дұрыс мәдениетті қарым-қатынас жасауға үйрету болмақ.

## 3. Пән бойынша абитуриенттердің біліміне, дағдысы мен іскерлігіне қойылатын талаптар

Мектеп оқушыларының сөйлеу икемділіктерін дамытуда шығарма жаза білу - қажетті мәселе. Сондықтан баланың шығарма жаза ***білу*** икемділігі қалыптастырылады. Ол үшін:

- ғылыми әдебиеттердің негізінде шығарманың ерекшелігін ашу;
- шығарманың құрылымын анықтау;
- шығарманың жасалуы үшін оны құрайтын элементтеріді, сөйлем, қайырым ерекшелігін көрсету;
- шығарманың түрлері туралы мәлімет беру;
- шығарма туралы икемділіктері мен даңдыларын шығарма жаза білу шеберліктеріне ұластыру.

Шығарма жазу арқылы оқушылар тақырыпты өз бетінше әңгімелей білуге, жоспар жасап, мәтінді жоспарға сай жүйелі айта білуге, ойын жинақтап, белгілі мәселе төңірегінде өз пікірін жеткізу ***іскерлігін*** үйренеді.

Шығармада ойды екінші біреуге түсінікті, нақты, жүйелі айтып, не жазып жеткізу үшін мектеп оқушыларының мынадай ***дағдыларын*** қалыптастыру қажет:

- естіген, оқыған, айтылған мәселені есте сақтап, саналы түсіне білуі;
- өз ойын басқаға нақты, дәл, жатық, әсерлі жеткізіп айта білуі;
- ойын сауатты, мәдениетті, жүйелі жаза білуі.

## Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен шығарма тақырыптары

Тұрмыс-салт жырлары, олардың түрлері, ерекшелігі. Жан-жануарға және наурызға байланысты жырлар, көңіл-күйін білдіретін тұрмыс-салт өлеңдері.

Мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдердің ерекшеліктері. Мақал-мәтелдер – халықтың өмір тәжірибесінен қорытылып жинақталған ой-пікірі. Адамгершілік, ерлік т.б. тақырыптардағы мақал-мәтелдер.

Жұмбақтар және олардың тақырыптары. Жұмбақтардың ой шапшаңдығын тәрбиелейтін өзіндік ерекшеліктері.

Ертегілер. Ертегінің жанрлық ерекшелігі. Ертегілерден көрінетін халықтың арман-тілегі, даналығы. Ертегілердегі халықтың сенімі және арман-қиялы. Ертегілердің түрлері.

Аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер. Аңыз әңгімелер мен шешендік сөздердің ауыз әдебиетінің басқа түрлерінен айырмашылығы.

Батырлар жыры. Батырлар жырына тән ерекшеліктер. «Қобыланды батыр» жыры. Жырдың қаһармандық сипаты, патриоттық мәні. Қобыландының ерлік, адамгершілік тұлғасы. Биік мұратқа жету жолындағы ақылды жар - Құртқа.

«Алпамыс батыр» жыры. Жырдың ел бірлігі, тыныштығы, елді сыртқы жаудан қорғаушы батырдың армандау мүддесінен туғандығы. Алпамыс бейнесі. Жырда Ұлтан жауыздығының әшкереленуі.

Лиро-эпос. Лиро-эпостық жырлардың тақырыбы, Өзіндік ерекшеліктері. Батырлар жырынан айырмасы. Лиро-эпостық жырлардағы халықтың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпының көрінісі.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры. Жырдың тақырыбы, мазмұны мен идеясы. Басты кейіпкерлері.

«Қыз Жібек» жыры. Жырдағы ұнамды кейіпкерлер. Жырдың халықтық сипаты.

«Айман-Шолпан» жыры. Жырдың жанрлық ерекшелігі. Жырдағы халықтық салт-дәстүрлердің озығы мен тозығы. Айман – ел бірлігі үшін күрескер. Жырдағы сатиралық бейнелер.

Айтыс – қазақ ауыз әдебиетінің ерекше түрі. Айтыстың негізгі түрлері. Айтыс – ақындық тәрбие мектебі. Ақындар айтысы.

Біржан мен Сара айтысы. Айтыстың негізгі тақырыбы. Айтыстағы көркемдеуіш, бейнелеуіш сөздер.

Ежелгі дәуір әдебиеті. Орхон ескерткіштері. Күлтегін (үлкен жазу). VII-VIII ғ.ғ. Жазылу тарихы.

Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Асан Қайғы. Шалкиіз жырау. Ақтамберді жырау. Шал ақын. Үмбетей жырау.

Бұқар жырау. Жыраулар поэзиясының ақыл-нақыл, өсиеттік сипаты. Елді, туған жерді сүю, ел қорғау, бірлікке шақыру, биік адамгершілік қасиеттерді насихаттау – Бұқар шығармаларының негізгі ой-түйіні.

XIX ғасыр әдебиеті. Махамбет Өтемісұлы. Махамбет Өтемісұлының өмірі, шығармаларының тақырыптары, негізгі идеялық сарындары. Махамбет өлеңдерінің ерлік, асқақтық, күрескерлік сипаты.

Шоқан Уәлиханов. Шоқан – қазақ халқының талантты ғалымы, әдебиет зерттеушісі. Оның саяхаттары. Ғылымның әр алуан саласымен шұғылдануы, саяхаттары мен күнделіктері.

Ыбырай Алтынсарин. Ыбырайдың өмірі мен ағартушылық қызметі. Оның жазушылық шеберлігі. Ыбырай – қазақ балалар әдебиетінің атасы. Ыбырай әңгімелеріне өзек болған адамгершілік проблемасы, еңбек тақырыбы.

Абай Құнанбайұлы. Абай дүниеге келген, тәрбие алған орта. ұлы ақынның Өмір жолы, халық деп соққан жүрегі. Ақынның лирикасы, аудармалары, өлеңдерінің негізгі тақырыптары. Поэмалары. Қара сөздері. Ондағы терең философиялық ой.

Шәкәрім Құдайбердиев. Ол – гуманист ақын. Ақынның адамгершілік идеяларының өлеңдеріндегі көрінісі. Шәкәрім шығармаларының тақырыбы – жастарды өнер-білімге, адамгершілікке үндеу. Ақын жырлары ақыл-ой мәдениетін, саналылықты, тазалықты, әділеттілікті, парасаттылықты биік деңгейге көтеруді көксейтіндігі.

Мағауия Абайұлы Құнанбаев. Ақынның «Медғат - Қасым» поэмасы.

Ақан Қорамсаұлы. Ақынның өмірі туралы мәлімет. Ақанның лирикасы. Ақан – ақын, әнші, сазгер.

Ахмет Байтұрсынов – казақ мәдениеті тарихындағы ірі тұлға, аса көрнекті ғалым, ақын және аудармашы. Ақынның ағартушылық идеясы. Өлеңдеріндегі ғибрат.

Міржақып Дулатов. Өмірінен мәлімет. Ақын уағыздаған ілгерішіл идеялардың ағартушылық-демократтық бағыты («Оян, қазақ»). Ұлттық сананы қалыптастыру. «Бақытсыз Жамал» романы.

Спандияр Көбеев. Өмірінен мәлімет. Ыбырай Алтынсарин үлгісіндегі ұстаз-жазушы. Шығармаларының тәрбиелік мәні.

Сұлтанмахмұт Торайғыров. Ақын өлеңдеріндегі білім алу, елі үшін аянбай еңбек ету, елін өркениетті елдер қатарына қосу идеясы. «Қамар сұлу» романының тақырыбы мен идеясы.

1916 жылғы көтеріліс туралы өлең-жырлар. Көтерілістің шығу себептері. Ұлт азаттық көтерілісті жырлаған ақындар.

Мағжан Жұмабаев. Мағжанның өмірі мен шығармашылығы. Шығармаларындағы халықтық рух, азаматтық әуен. «Батыр Баян» - тарихи эпикалық шығарма.

Жүсіпбек Аймауытов. Өмір жолы, шығармашылық мұрасы. «Қартқожа» романының тақырыбы мен идеясы.

Сәкен Сейфуллин. Сәкеннің өмірі мен шығармашылық жолы. «Аққудың айрылуы» - махаббат туралы романтикалық поэма. Ақынның эстетикалық көзқарасы, табиғатқа деген ізгі адамгершілік қарым-қатынасы, экологиялық тәрбие мәселесі.

Бейімбет Майлин. Жазушы өмірінен мәлімет. Бейімбет шығармаларындағы махаббат, достық, жоғары адамгершілік, имандылық, ізгілік мәселелерінің қойылуы мен шешілуі.

Ілияс Жансүгіров. Өмірі мен әдеби еңбектері. әдеби шығармаларына өнер мен табиғатты өзек етуі. Ақын мен табиғат арасындағы байланыс, адамгершілік қарым-қатынас.

Жамбыл Жабаев. Жамбыл – ауыз әдебиетінің көрнекті өкілі, жыр алыбы. Шындық, ерлік тақырыбының ақын өлеңдеріндегі орны.

Мұхтар Әуезов. М.Әуезовтің өмірбаяны. әлемдік мәдениетке қосқан үлесі. М.Әуезовтің әңгімелері. «Абай жолы» - әлемге танылған шығарма.

Романдағы Абай бейнесінің сомдалуы. Аналар бейнесі. М.Әуезовтің пъесалары.

Сәбит Мұқанов. С.Мұқановтың өмірбаяны, шығармашылық мектебі. Ақын өлеңдерінің тақырыптық ауқымы, көркемдік ізденістері. «Сұлушаш» - көлемді де көркем туынды. «Ботагөз» - көп салалы, мол тынысты тарихи-әлеуметтік роман. С.Мұқановтың драматургия саласындағы еңбегі.

Ғабит Мүсірепов. Ғабиттің өмір жолы, шығармашылық келбеті. «Шұғыла» әңгімесіне арқау болған қазақ халқы басынан өткізген 1930 жылдардағы ашаршылық нәубеті. «Қазақ солдаты» романының тақырыбы мен идеясы және кейіпкерлер жүйесі. Ғ.Мүсіреповтің пъесалары.

Ғабиден Мұстафин. Ғ.Мұстафиннің өмір жолы. «Қарағанды» романы. Романның тақырыбы мен идеясы.

Ілияс Есенберлин. І.Есенберлиннің өмірі мен жазушылық қызметі. «Көшпенділер» трилогиясы. Трилогияда қазақ халқының XV-XIX ғасырларда басынан өткізген тарихының суреттелуі.

Шерхан Мұртаза. Ш.Мұртаза шығармаларының тақырыбы. «Қызыл Жебе» романының бас кейіпкері - Тұрар Рысқұлов.

Дулат Исабеков. Д.Исабековтің шығармашылығы туралы. «Әпке» драмасындағы отбасы, адамгершілік проблемасы.

Қадыр Мырзалиев. Ақынның шығармашылық келбеті. Ақын өлеңдерінің отаншылдық рухы, халқының психологиясы мен характерін берудегі ақынның шеберлігі.

**4. Бағыт блоктары бойынша төмендегі балл беріледі:**
**2-блок: Қазақ тілі мен әдебиеті –93 балл**

5110900-"Педагогика және психология" және 5111800-"Мектепке дейінгі тәлім" бағыттарына (2 блок) құжат тапсырған абитурент кесте негізінде белгіленген уақытта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жазбаша (шығарма) жазады. Қабыл комиссиясы тарапынан бекітілген топтар бойынша өткізіледі.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен емтихан жазбаша (шығарма) алынады. Оған қойылатын талаптар мен балл төмендегіше:

- Тақырыпты терең де дәлелді ашқан, өзіндік ойы бар, оны жүйелі баяндаған, әдеби тілде жазылған, сөз саптауы мазмұнына сай, қорытып түйін жасай алған; композициялық жағынан тұтас, ойын логикалық жағынан, жүйелі баяндаған; әдеби тілмен жазылған, стилі мазмұнына сай; мазмұнында бір-екі дәлсіздіктері бар шығарма үздік бағаланады – 93 балл.

- Тақырыптан сәл ғана ауытқушылығы бар, мәселені толық та дәлелді ашып берген, әдеби материалды және шығарма тақырыбына орай басқа да деректерді жақсы білетінін көрсеткен, соларды өз ойын дәлелдеу үшін қолдана білген, сол сияқты қорытынды жасай алған; мазмұны жүйелі баяндалған; әдеби тілмен жазылған, стилі мазмұнына сай; мазмұнында екі-үш дәлсіздіктер кеткен, сондай-ақ сөз қолдануында 3-4 кемістік жіберген шығарма жақсыға бағаланады – 74,4 балл.

- Тақырыпты негізінен дұрыс ашқан, бірақ жауабы толық емес, немесе бір жақты, тақырыптан ауытқушылығы бар немесе нақтылы материалды баяндағанда кейбір қателіктер жіберген, қорытынды түйін жасауында олқылық бар; материал логикалық жағынан бірсыпыра дұрыс баяндалғанымен ойын жүйелі айтып беруде жекелеген ауытқулар бар; шығармадағы сөз қолдануында 4-5-тен аспайтын қатесі бар шығарма орташа бағаланады – 55,8 балл.

- Тақырыпты аша алмаған, шығарма тақырыбын үстірт білген, жеке оқиғаларды қорытындысыз, жинақтаусыз шатастыра мазмұндаған немесе жалаң баяндаулардан тұратын; бөлімдер арасында байланысы жоқ, ойдың баяндалуында белгілі бір тәртіп жоқ, сөз қоры жұтаң, өрескел қате жіберген жұмыс нашарға бағаланады – 37,2 балл.

- Тақырыпты мүлде ашып жаза алмаған, шығарма тақырыпқа сай емес, өз ойын баяндап бере алмаған, қате саны нашарға бағаланған мөлшерден асып кеткен шығармаға төмен баға қойылады – 18,6 балл.

**5110900-"Педагогика және психология" және 5111800-"Мектепке дейінгі тәлім" бағыттары үшін жаздырылатын шығарманың көп балды бағалау мөлшері:**

| № | Қатенің түрлері | Жоға-ры балл | Қатенің ерекшеліктеріне қарай | Берілген балл |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мазмұны мен көркемдігіне | 46,5 | 1.Шығарма мазмұнының берілген тақырыпқа сәйкестігі, көркемділігінің жоғарылылығы және ой тереңдігінің дұрыстығына | 46,5 |
| | | | 2.Мазмұнында сәл ғана ауытқушылығы бар, пікірі мен дәлелінде ұшқарылық болса | 37,2 |
| | | | 3.Сөз қолдануы әдеби тіл нормасына сәйкес емес болса | 27,9 |
| | | | 4.Мазмұндағы жүйелілік сақталмаған, тілі шұбар, ой-пікірі тартымды емес болса | 18,6 |
| | | | 5.Мазмұны тақырыпқа сай емес, тілі жұтаң, ой-пікірі тайыз болса | 9,3 |
| 2 | Емле қате | 18,6 | 1. Қате саны 0-2 | 18,6 |
| | | | 2. Қате саны 2-4 | 15,5 |
| | | | 3. Қате саны 4-6 | 12,4 |
| | | | 4. Қате саны 6-8 | 9,3 |
| | | | 5. Қате саны 9-дан асса | 6,2 |
| 3 | Сөз саптау-дағы | 9,3 | 1.Шындық бұрмаланбай, шығарманың аты мен кейіпкерлердің есімі дәл берілсе | 9,3 |
| | | | 2.Ақиқаттан ауытқыса да, бірақ шығарма | 6,2 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қатесі (стиль) | | аттары, кейіпкерлер есімдері дәл болса, келтірілген цитаттар орынды болса<br>3.Келтірілген сілтемелер (цитаттар) орынды болса<br>4.Сөз қолдануы мен сөйлем құрылымында кемшіліктер кездессе, цитаттар орынды берілмесе<br>5.Жазу стилінің шығарма мазмұнына лайық еместігіне, қолданған сөздік қорында кемшіліктер мол болса, шындық бұрмаланса | 6,2<br>3,1<br>3,1 |
| 4 | Тыныс белгісі қатесіне | 9,3 | 1.Елеусіз тыныс белгілерінен 2-3 қате кездессе<br>2.Құрмалас сөйлемде қолданылатын тыныс белгілерден қатесі 2-3 болса<br>3.Бірыңғай мүшелер мен айқындауыш сөздерде қолданылатын тыныс белгілерінен 2-3 қатесі болса<br>4.Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын тыныс белгісінен, диалог сөздерде қолданылатын тыныс белгілерінен 2-3 қатесі болса<br>5.Жоғарыдағы қателерге қоса төл сөз бен төлеу сөз, автор сөзіне байланысты қателер саны 10-12 болса | 9,3<br>6,2<br>6,2<br>3,1<br>3,1 |
| 5 | Жұмыс тың сыртқы түрі мен орында-Луына | 9,3 | 1.Жазуының әдемілігі, әріптердің техникалық жазылуы дұрыс қолданылса<br>2.Шығарманың жазылуы айқұш-ұйқыш болса<br>3. Әріптердің техникалық жазылуында нұқсан болса<br>4.Шығарма сыртқы түрі жағынан жақсы және анық болмаса, ұқыпты түрде жазылмаса<br>5.Шығарма әркім танырлық емес және мүлдем ұқыпты түрде жазылмаса | 9,3<br>6,2<br>6,2<br>3,1<br>3,1 |

## 5. Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі

5110900-“Педагогика және психология” 5111800-“Мектепке дейінгі тәлім” бағыттарына құжат тапсырған абитурент кесте негізінде белгіленген уақытта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жазбаша (шығарма) жазады. Қабыл комиссиясы тарапынан бекітілген топтар бойынша өткізіледі. Жазба жумыс ушін мөлшерленген ўақыт 1,5 сағат.

## 1. Апелляция тәртібі

Абитуренттер шығарамашылық емтихан нәтижелері бойынша университет қабылдау комиссиясында апелляциялармен жұмыс істеу бойынша комиссиясына нәтижелерді хабарлаған күннен бастап 24 сағат ішінде жұмысты көру үшін өтініш жасауы мүмкін. Өтініш тек қана өзінің балы туралы болса қабылданады, бірақ басқа абитуренттердің балы туралы жазылған арыз қабылданбайды.

***Ескерту:*** Шығармашылық емтиханға келмеген абитуренттер үшін қайта шығармашылық емтихан өткізілмейді. Бекітілген кесте бойынша емтиханға келмеген абитуренттер келесі емтиханға және тест сынақтарына енгізілмейді.